

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Орынбасары – Қаржы министрі Б.Т.Сұлтановтың
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде
сөйлетін сөзі – 2013 жылғы республикалық бюджеттің
атқарылуы туралы таныстырылым**

Құрметті депутаттар!

2013 жылдың бүкіл кезеңінде ел экономикасының үдемелі дамуы байқалды. Экономиканың негізгі болжамды көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

Біріншіден, экономикалық даму қорытындылары туралы. Әлемдік экономиканың әлсіз өсіміне, экспорттың 4 %-ға (4 млрд. АҚШ долл.) және мұнайға әлемдік бағаның 3,1 АҚШ долларына төмендеуіне (2013 ж. -108,9 долл., 2012 жылы 111,97 долл.) қарамастан, Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің нақты өсімі 6%-ды құрады.

ЖІӨ өсімінің негізгі қозғалтқышы қызметтер көрсету саласы (7,1%) және ауыл шаруашылығы (10,6 %) болды. Өнеркәсіптегі өндіріс 2,7%-ға өсті, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі - 3,7, өңдеуші – 1,8%-ды құрады.

Экономикалық өсімге жоғары инвестициялық белсенділік есебінен ішкі сұраныстың кеңеюі әсер етті (*негізгі капиталға инвестициялардың өсу пайызы – 106,5%*). Инвестициялардың жоғары қарқындары агроөнеркәсіп кешенінде (110,8%), машина жасау (114,6 %) және құрылыс индустриясында (103%) байқалады.

Инфляция жылдық шамада 2013 жылы 4,8%-ды құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен (6%) 1,2 пайыздық тармаққа төмен.

Еңбек нарығындағы ахуал тұрақты болып қалып отыр. Жұмыссыздық деңгейі тарихи төмен 5,2% деңгейде тұрды.

Қол жеткізілген нәтижелер 2013 жылы халықаралық рейтингтерінде Қазақстанның позицияларының жақсаруын қамтамасыз етті. Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингтері бойынша әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кірді. **(1-слайд)**

Екіншіден бюджеттің атқарылуы туралы.

Бюджет Мемлекет Басшысының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» және «Қазақстан – 2050 стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауларында берген тапсырмаларына сәйкес қалыптастырылды.

Бір жыл ішінде республикалық бюджет екі рет нақтыланды. Нақтылаулар мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратуға және Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферт есебінен инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға байланысты.

(2-слайд).

Осылайша, екі нақтылауды есепке ала отырып, республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспары 100,6%-ға немесе 2012 жылмен салыстырғанда (4 889,2 млрд. теңге) 7,8%-ға өсе отырып, 5 272,4 млрд.теңгеге атқарылды.

(3-слайд)

Бюджетке кірістер 5 179,5 млрд. теңге сомасында немесе 100,5% түсті.

Түсімдердің барлық санаттары бойынша жоспар орындалды.

Салықтық түсімдер бойынша 3 510,6 млрд.теңге немесе 100,%;

салықтық емес түсімдер бойынша – 100,7 млрд.теңге немесе 113,3%;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 9,0 млрд.теңге немесе 116,5% қамтамасыз етілді;

трансферттер 1 559,2 млрд.теңге түсті немесе 101,0%.

(4,5-слайд)

Соңғы бес жылда бюджеттік кірістер бойынша орташа алғанда атқарылуы 101,9%-ды құрады. Жоспардың артығымен орындалуы (26,8 млрд. теңге) негізінен 14,8 млрд.теңгеге трансферттердің (*жергілікті бюджеттердің 2012 жылы жергілікті атқарушы органдардың пайдаланбай қалған нысаналы трансферттер және мақсатына сай пайдаланылмаған трансферттер*) және 11,8 млрд. теңгеге салықтық емес түсімдердің (*мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер бойынша 6,5 млрд. теңге және мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар бойынша – 6 млрд. теңге*),

1,2 млрд. теңгеге негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің *(Сыртқы істер министрлігіне ведомстволық бағынысты шетелдегі мекемелердің теңгеріміндегі мүлікті сатудан түсетін түсімдерге байланысты)* түсуі есебінен алынды. **(6-слайд).**

Тұтастай алғанда, егер кірістердің түсімін санаттар бөлінісінде қарастыратын болсақ, онда негізгі үлесі 67,8% салықтық түсімдерге келеді. Ұлттық қордан экспорттық баж және трансферт түрінде мұнай түсімдері кірістер құрылымында 38,4%-ын құрады. Кәсіпорындардың мөлшерлігіне сүйене отырып, 300 ірі салық төлеушілер республикалық бюджет кірісінде 40%-ды құрайды. **(6-слайд).**

Салықтар ішінде неғұрлым ірісі және сонымен қатар экономиканың өсуіне әсерлісі корпоративтік табыс салығы болып табылады. Егер жалпы алғанда корпоративтік табыс салығы бойынша баяулау байқалса да шикізат емес экономикадан түсетін түсімдер 13,6%-ға өсті **(7-слайд).**

Өнімге сұраныстың төмендеуі себебінен және металдарға әлемдік бағаның тау-кен өндіру компаниялары бойынша төмендеу байқалады (2013 жылда металдарға орташа бағаның төмендеуі мырыш – 2,1 %-ды, мыс – 7,9 %-ды, алюминий – 8,7 %-ды, күміс – 23,6 %).

Осындай жағдай жалпы алғанда корпоративтік табыс салығы бойынша жоспардың орындалмауына әкеп соқты, оның орны басқа салықтардың түсімдерімен толтырылды.

Негізінде артығымен орындау ҚҚС бойынша және табиғи ресурстар түсімдері бойынша байқалады.

Бюджеттен қосылған құн салығының шамалы баяулауы себебінен қосылған құн салығы бойынша жоспар 90,2 млрд. теңгеге артығымен орындалды. Табиғи ресурстардан түсетін түсімдер бойынша 4,8 млрд. теңгеге артығымен орындау әкімшілендіру қорытындылары бойынша үстеме пайдаға салынатын салық есебінен қалыптасты.

Жалпы алғанда 2013 жылы көлеңкелі экономикаға қарсы күреске назар аударылды. Қарсы іс-қимыл бойынша тиісті жоспар әзірленді.

Көлеңкелі экономиканың негізгі көздері болып ҚҚС алаяқтық, айналымдарды жасыру және рәсімдерді

күрделендіру табылатыны белгілі. Тиісінше осы үш бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қосылған құн салығын бақылау үшін арнайы ҚҚС-шоттары арқылы төлемнің жаңа жүйесін қолдану мәселесі әзірленуде. Айналымдарды бақылау үшін және қолма-қол ақшасыз айналымды бақылау үшін POS-терминалдар және он-лайн арқылы деректерді беру кассалық аппараттарын пайдалану, заңды тұлғалар арасында қолма қол есеп айырысудың табалдырығын өзгерту бөлігінде заңнамалық өзгерістер енгізілді **(8-слайд)**. Рәсімдерді оңайлату бөлігінде салықтық есептілік нысандары 2 есеге қысқарды. **(9-слайд)**

Өткен жылдардағыдай салық органдарының жұмысында бересіні бақылау негізгі басымдық болып табылады.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджетке бересі 17,3 млрд. теңгеге немесе 21,2%-ға азайтылды. **(10-слайд)**. Бересінің жалпы сомасынан 18,0 млрд.теңге немесе 28,1%, олар бойынша материалдар өндіріп алуға үмітсіз болып табылатын жалған кәсіпкерлік белгілерінің болуына байланысты құқық қорғау органдарына берілді.

Бересінің қалған 46,0 млрд.теңге мөлшерінде сомасы жүргізілген салықтық тексерулерді есепке ала отырып, ағымдағы бересіге тура келеді. Көрсетілген бересіге қатысты салық органдары мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және Салық кодексінде көзделген салық берешегін мәжбүрлі өндіріп алу шараларын қолданды.

Салықтар Ұлттық қорды қалыптастырудың негізгі қоры болып табылады. Ұлттық қордың активтері 2013 жылда 3 991,6 млрд.теңгеге ұлғайды және 2014 жылғы 1 қаңтарға оның активтері 13 026,1 млрд.теңгені, оның ішінде инвестициялық кіріс 559,3 млрд.теңге сомасын құрады. Негізгі үлесті (85,1%) мұнай секторынан тікелей салықтар құрады.

2013 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарына қатысты айтар болсақ.

Олар 5 990,5 млрд.теңгені немесе жоспарға 99,3%-ды құрайды. 2012 жылмен салыстырғанда оның өсімі 194,8 млрд.теңгені құрады. **(11-слайд)**

Республикалық бюджет шығыстарының құрылымында негізгі үлесті әлеуметтік сала шығыстары алып отыр (2 336,4 млрд. теңге немесе **36,0%**) оның 1 239,9 млрд. теңгесі зейнетақылар мен жәрдемақылар.

Жергілікті бюджеттерге нысаналы трансферттер (1061,7 млрд.теңге) және субвенциялар (865,8 млрд.теңге) түрінде 1927,5 млрд.теңге (шығыстардың жалпы көлемінің 32,1%-ы) жіберілді.

Шығыстардың төртінші бөлігі мемлекеттік сатып алу арқылы іске асырылды немесе шамамен 1,4 трлн. теңгеге **(12-слайд)**.

42,9 млрд.теңге немесе жүргізілген шығыстардың жалпы көлемінен 0,7% пайдаланылмай қалды.

Орындалмау пайызы алдағы 5 жылдық кезеңге қарағанда жақсырақ қалыптасты. Орташа алғанда үш жыл ішінде бюджеттік бағдарлама нәтижелілігінің жақсаруы байқалады, бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелерінің 90% астам көрсеткіштері орындалды.

Үкімет резервінің бюджет заңнамасы бойынша орындалмаған болып саналмайтын бөлінбеген бөлігін есепке алмағанда, көрсетілген 42,9 миллиардтан игерілмеу сомасы 25,9 млрд.теңгені немесе бюджет шығыстарының 0,4 % құрады. Игерілмеген 25,9 млрд. теңгеден жалғастырылып отырған бағдарлама ретінде 16,3 млрд.теңге ағымдағы жылы толық пайдаланылады.

Анықтама: игерілмеген 42,9 млрд.теңге:

*- 17,0 млрд.теңге – Үкімет резерві бойынша бөлінбеген қалдық;
- 1,2 млрд. теңге жалпы мемлекеттік шығыстар бойынша үнемдеу, оның ішінде, 0,2 млрд.теңге бөлінетін бағдарламалар бойынша, 1,0 млрд.теңге үкіметтік борышқа қызмет көрсету бойынша;*

- 2 млрд. теңге мемлекеттік сатып алу және өзге шығындар бойынша ;

- 11,5 млрд.теңге мердігердің шарттық міндеттемелерді орындамауы (орындалған жұмыстар актілері ұсынылмаған, техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмейтін тауарлар ұсынылған, тауарларды жеткізудің болмауы);

1,5 млрд.теңге – сот талқылаулары жүргізілуде.

Қалған 9,8 млрд.теңге бюджет қаражатын тиімді басқармау себебі бойынша игерілмеген, бұл конкурстарды уақтылы өткізбеу, оларды өткізу мерзімдерін кейінге қалдыру, бюджет бағдарламаларын іске асыру бойынша нормативтік-құқықтық актілерді уақтылы қабылдамау.

Игермеу себептерін талдау атап айтқанда әрбір әкімші өнім берушімен шарттық міндеттемелерді орындамауына,

орындалған жұмыстар актілерін ұсынбауға және осыдан туындайтын сот талқылауларына байланысты құқықтық қатынаста болғанын көрсетеді **(14-слайд)**.

Өз кезегінде жосықсыз өнім берушілер тізіліміне 6412 өнім беруші енгізілді.

Республикалық бюджет тапшылығы 718,0 млрд.теңге немесе жоспардағы 2,3% орнына ІЖӨ-ге 2,1% құрады. Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру 714,0 млрд.теңге сомада ішкі қаржыландыру есебінен және сыртқы қаржыландыру – 63,0 млрд.теңге жүзеге асырылды. **(15-слайд)**

Үшінші – бағдарламалық құжаттар нәтижелері.

Құрметті депутаттар!

Мемлекет басшысы Жолдауларында қойылатын барлық міндеттер мен бағдарламалық құжаттар негізінде орындалды.

Ең маңыздыларына тоқтата кетуге рұқсат беріңіздер.

Әлеуметтік саладағы шығыстар соңғы 10 жылда 9 есеге ұлғайды. 2003 жылы осы шығыстар 2 336,4 млрд.теңгені құрады **(16-слайд)**.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап ортақ зейнетақы мөлшерлері 9 % көтерілді, әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерлері 7 % артты.

Ең төмен күн көріс көлемі негізгі әлеуметтік төлемдер мөлшерлерін есептеу үшін 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 18 660 теңге сомада белгіленген болатын.

Негізгі зейнетақы мөлшері ең төмен күн көріс мөлшерінен 9 % артты және 9 330 теңгені құрады. Негізгі зейнетақы төлемінің мөлшерінің артуын ескере отырып (18 660 теңге ең төмен күн көріс көлемінен 50%) ең төмен зейнетақы төлемінің мөлшері 28 396 теңгені, орташа – 41 727 теңгенің, ең үлкен – 59 962 теңгені құрады.

Іс жүзінде зейнетақы алушылардың орта жылдық саны 1,8 млн.адамды құрады

2013 жылы атаулы әлеуметтік көмекті 60,7 мың адам алды.

Өткен жылы 44 салалық және мемлекеттік бағдарлама бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды.

Көрініп отырғандай 7 бағдарлама бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу 90,2% құрады. **(17-слайд)**

2013 жылы денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғастырылды, оған 76,7 млрд.теңге бөлінді, оның ішінде **73,8 млрд.теңге игерілді. (18-слайд)** Бағдарлама бойынша барлық нысаналы индикаторлар орындалды.

Бағдарламаның жүргізілген іс-шаралары нәтижесінде 2013 жылы ана өлімінің көрсеткіші 6,7% төмендеді (жоспар – 100 мың тірі туғандарға 21,0, факті – 12,6).

Бала өлімінің көрсеткіші 17% төмендеді (жоспар – 1000 тірі туғандарға 14,1, факті – 11,3).

Туберкулезбен ауыру 24% төмендеді (жоспар – 100 мың халыққа 81,7, факті – 73,5).

Бала тууды өсіру және халықтың өлім-жітімін азайтуды тұрақтандыру нәтижесінде халықтың табиғи өсуі 4,6% ұлғайды.

Республика бойынша 40 инсульт орталығы ашылды 71 гемодиализ орталығы жұмыс істейді.

2013 жылы **Жұмыспен қамту 2020 жол картасын** іске асыру жалғастырылуда, ол жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған. Есепті жылы осы бағдарламаны іске асыруға 102,9 млрд.теңге көзделді, оның ішінде нысаналы трансферттер есебінен - 78,0 млрд.теңге. Оның ішінде игерілгені 1,0 млрд.теңге немесе 98,2%. **(19-слайд)**

2013 жылға жоспарланған барлық үш нысаналы индикаторларға қол жеткізілді. («Кедейлік деңгейі 5,1 % аспайды, факті - 2,3 % төмендеді», «2013 жылы жұмыссыздық деңгейі – 5,2 % аспайды, факті - 5,2 %», «өз бетінше жұмыспен айналысушы халықтың жалпы санында өнімді айналысушылар үлесі - 58,3 % дейін артады, факті - 64,4 %). 11,2 мың адам 23,9 млрд. теңге сомаға кредиттер алды. Шағын кредит алушылар санынан 7 870 адам өз ісін ашты.

Шағын кредиттің орташа мөлшері 2,1 млн.теңге деңгейінде қалыптасты, түпкілікті қарыз алушылар үшін ұсынылған кредиттер бойынша сыйақының ең көп мөлшерлемесі 6,2 % деңгейінде қалыптасты.

Кәсіби оқыту 438 білім беру ұйымында жүзеге асырылады. Барлығы оқумен 48,6 мың адам (*оның ішінде: кәсіби даярлықпен 37,6 мың адам, қайта даярлықпен – 8,9 мың адам; біліктілігін арттырумен 2,1 мың адам*) қамтылған.

23,4 мың адам оқуын аяқтады, олардың 18,7 мың адамы жұмысқа орналастырылды, оның ішінде тұрақты жұмыс

орындарына 17,6 мың адам. (Жалақының бір айлық орташа мөлшері 45,0 мың теңгені құрады.)

1 157 үйдің (4 084 пәтер) құрылысы аяқталды, оның ішінде Бағдарламаға қатысушылар және олардың отбасы мүшелері 1 061 үйге (3 686 пәтерге) кірді. Көшкен отбасыларына 49,9 млн.теңге сомаға көшу үшін субсидиялар берілді.

Білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 90,1 млрд.теңге жұмсалды. (20-слайд). Бағдарлама аясында 1 159 білім беру ұйым беру ұйымында электрондық оқыту жүйесінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 8 764 мектепке дейінгі ұым жұмыс істеді (3 340 балабақша және 5 424 шағын орталық) контингенті 673,7 мың бала.

2011 жылмен салыстырғанда балабақшалар салу, шағын орталықтар мен жеке балабақшалар ашу, сондай-ақ енгізудің басқа да тәсілдері есебінен желі 1 173 бірлікке өсті.

Республикада контингенті 2 млн. баладан астам 7 307 күндізгі мемлекеттік мектеп жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта 15 Назарбаев Зияткерлік мектебі жұмыс істейді. 35 мектепте Назарбаев Зияткерлік мектеп тәжірибесі таратылған.

Педагогтердің орта айлық жалақысы 2010 жылы 47,4 мың теңгеден 2013 жылы 68,7 мың теңгеге көтерілді.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде шаралар кешені халықаралық олимпиадаларда және ғылыми жарыстарда нәтижелерге қол жеткізуге де әсер етті. 2013 жылы оқушылар 967 награда жеңіп алды (188-алтын, 298-күміс, 463-қола медальдар және 18 грамота).

Техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде техникалық және кәсіби білім беретін (ТЖКБ) 849 оқу орны жұмыс істейді. Оқыту 183 мамандық және 463 біліктілік бойынша жүргізіледі.

2013 жылдан бастап жұмысшы кәсібі бойынша оқитындар жеңілдікпен жол жүруге арналған стипендиялар мен өтемақы алады.

2011-2013 жылдары инфрақұрылымды дамыту мақсатында 2 180 орынға арналған 4 ТЖКБ пайдалануға берілді.

Жоғары білім беру саласында 2013/14 «QS» мәртебелі рейтингтерге 9 қазақстандық оқу орындар кірді. Үш жүз озық жоғары оқу орындарының қатарына 2012 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 91 ұстанымға көтерілген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (299 орын) кірді. Сол сияқты, «Топ-400» кластерге Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ кірді. ЕҰУ өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 66-позицияға көтеріліп, 303-позицияға шықты.

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының іс-шараларын іске асыру үшін 2013 жылы республикалық бюджеттен 98,0 млрд.теңге бөлінген және 100% игерілді (21-слайд).

Жергілікті атқарушы органдармен кредиттік тұрғын үйді салу жөніндегі бағыт шеңберінде 2013 жылы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы тұрғындардың барлық санаттары үшін пайдалануға алаңы 314,6 мың м² немесе 4 793 пәтер берілді;

Жергілікті атқарушы органның кезекте тұрғандары үшін 2013 жылы жалгерлік тұрғын үй бағыты бойынша пайдалануға алаңы 250,6 мың м² немесе 4 246 пәтер берілді;

Жас отбасыларына арналған жалгерлік тұрғын үй бағыты бойынша 2013 жылы пайдалануға алаңы 138,4 мың м² немесе 2 434 пәтер берілді.

2013 жылдың қорытындылары бойынша 2 050 км инженерлік-коммуникациялық желілер тартылып, тұрғын үй құрылысы салынатын аудандарда тыныс-тіршілігінің сенімді инфрақұрылымын құру бойынша 208 объект іске қосылды.

Экономиканың орнықты және теңдестіріле өсуін қамтамасыз ету мақсатында 2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасын **үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама** іске асырылуда **(22-слайд).**

Орындауға жоспарланған 85 нысаналы индикатордың 2013 жылы 78 нысаналы индикаторы орындалды.

ҮИИДМБ іске асыру нәтижесінде трендтің өңдеуші өнеркәсіптік артуы жағына қарай жылжуы орын алды. Бұл ретте өңдеуші өнеркәсіпте машина жасау саласы 14,6%-да өсудің неғұрлым жоғары қарқынын көрсетті. Сондай-ақ өзге де металл емес минералдық өнім өндірудегі өндіріс көлемінің

өсуі - 111,8, химия өнеркәсібі – 103,3%, фармацевтика – 101,3% көрсетті.

ҮИИДМБ бағдарламасы шеңберінде іске асырылып жатқан 24 бағдарламаның ішінен **Қазақстанның индустрияландыру картасына** тоқтала кеткім келеді.

4 жыл ішінде Индустрияландырудың картасы шеңберінде 2,4 трлн.теңге сомасында 651 жоба енгізілген, 67 тұрақты жұмыс орны құрылды, оның ішінде 52 мыңнан астам жұмыс орны қамтылған немесе 78 % іс жүзінде пайдаланылды (*жұмыс орындары жобалық қуаттан шығуына қарай толтырылатын болады*).

Енгізілген жобалармен 2,8 трлн.теңгеден астам сомасында өнім шығарылды, оның ішінде 2013 жыл ішінде – 1,2 трлн.теңге немесе өңдеуші өнеркәсіптің жалпы көлемінің 6,5 %.

2013 жылғы ЖІӨ өсуіндегі Карта жобаларының салымы 6 %-дың 0,8 пайыздық тармақты құрады.

Индустрияландыру картасы жобасы бойынша 4 жыл ішіндегі экспорт 133 млрд. теңгеден астамын құрады.

2013 жылы 392 млрд. теңге сомасында 137 жоба енгізілді, 11 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды.

Отандық бизнеске қолдау көрсету үшін **«Бизнестің жол картасы 2020»** Бағдарламасы ойдағыдай іске асырылуда.

Қолдау көрсету шараларымен 36 мыңнан астам кәсіпкерлер қамтылған және 58 мың жұмыс орны құрылды.

Төленген субсидиялар көлемі 56,1 млрд.теңгені құрады.

«Экспортер - 2020» бағдарламасы шеңберінде ағымдағы жылы 51 экспортшы 181,1 млн. теңге сомасына болатын шығындары өтелді.

2010-2014 жылдарға арналған көліктік инфрақұрылымды дамытудың салалық бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 338,7 млрд.теңге жұмсалған болатын **(23-слайд)**.

Республикалық маңызы бар 1 043 км автожол реконструкцияланды.

Жол-жөндеу жұмыстарымен республикалық маңызы бар 1 722 км және облыстық және аудандық маңызы бар 2 271 км қамтылды.

Саны 81 бірлік темір жол вокзалын және 631,7 км жолдың жоғарғы жағындағы құрылғысына күрделі жөндеу бойынша жұмыс жүргізілді.

Жолаушылар вагондары паркін жаңғырту мақсатында 2013 жылы 237 жолаушы вагоны, 93 локомотив және 1 704 жүк вагоны сатып алынды.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізін реконструкциялау жобасы бойынша 812 км жаңа жабын бойынша қозғалыс ашылды **(24-слайд)**.

«Агробизнес – 2020» салалық бағдарламасы бойынша 123,6 млрд.теңге көзделген болатын. Жұмсалғаны 122,1 млрд.теңге, оның ішінде субсидиялауға 52,8 млрд.теңге, инвестициялауға және инвестициялық жобаларға 18,8 млрд.теңге.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2,4 трлн. теңгені құрады, ол 2012 жылғы деңгейден 10,8%-ға жоғары. Осы өсу ең алдымен өсімдік өсіру саласындағы өндірістің 20,8%-ға өсуімен қамтамасыз етілген.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 1,1%-ға артты. Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға инвестициялар ағыны 2,5%-ға артты және 142,1 млрд.теңгені құрады.

2013 жылғы қорытынды бойынша тамақ өнімдері өндірісінің көлемі 973 млрд. теңгені құрап отырып, 4,2%-ға ұлғайды. Өңделген сүттің 28%-ға, айран сүтті өнімдердің 19,7%-ға, ірімшік пен қатықтың 13,8%-ға өсуі байқалады.

Төрітінші – мемлекеттік борыш. (26-слайд)

2013 жылғы қорытындылары бойынша үкіметтік борыштың деңгейі мен оларға қызмет көрсету мен өтеу бойынша ағындар ұйғарымды және қауіпсіз шекте тұр. ЖІӨ-ге қатысты Үкімет борышы 12,9%-ды құрады. Инфляцияның және пайыздық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі кезінде борыш жүктемесі 2013 жылы 9,7% (15%-шегіндегі шектеу болып табылады) деңгейінде қалыптасқан қолайлы деңгейде болып отыр. Борыштың жалпы көлемінің ішінен үлес салмақты ішкі нарыққа орналастырылған МБҚ алып отыр.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік борыш 4 417,2 млрд.теңгені немесе ЖІӨ 12,9%-ын (28 756,2

млн.АҚШ долларын) құрады. 2013-2014 жаһандық бәсекеге қабілеттілік есебінде Қазақстан «Мемлекеттік борыш» суб-индексі бойынша 14 орынға ие болды.

Анықтама: 2013 жылы бекітілген Жаңа бюджеттік саясаттың тұжырымдамасы мемлекеттік борыштың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. 2020 жылға дейін бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 1,4%-на дейін төмендеткен кезде 2020 жылға мемлекеттік борыш ЖІӨ 13,9%-нан аспауы тиіс, оның ішінде үкіметтік борыш ЖІӨ 13,7%-нан жоғары емес.

Бесінші – Баяндамамды қорытындылай келе 2013 жылы өткізілген бақылау-тексеру жұмысына тоқтала кеткім келеді. (27-слайд)

2013 жылы ішкі бақылаумен 2 109 бақылау іс-шаралары өткізілді, оның барысында бақылаумен 1 782 бақылау объектілері қамтылды, оның ішінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 435 мемлекеттік мекемелер, республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдаланған жергілікті атқарушы органдардың 1147 объектісі және республикалық бағыныстағы квазимемлекеттік сектордың 200 шаруашылық объектілері бар.

Бақылаумен жалпы 687,7 млрд.теңге қамтылды. Сөздің кең ауқымды мағынасында бұзушылықтардың жалпы сомасы рәсімдік бұзушылықтарды қоса 262,4 млрд.теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде жіберілген бұзушылықтар неғұрлым көп үлеске ие – 127 млрд.теңге. Бұл ретте, тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақша қаражатының жетіспеушілігі 52 млн.теңгені ғана құрайды.

Бұзушылықтар бойынша анықтама қаржылық бұзушылықтар бойынша бұзушылықтар сомасы – 97 млрд. теңгені құрады (тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақша қаражатының жетіспеушілігі – 52,0 млн.теңге; бюджет қаражатын, гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарызды, олардың иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік мекемелердің сатудан түскен ақшаны, мемлекет активтерін негізсіз пайдалану – 84 млрд.теңге; бюджет қаражатын, кредиттер мен мемлекет кепілдік берген қарыздарды мақсатсыз пайдалану – 3,9 млрд.теңге; бюджет қаражатын және мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану – 7,7 млрд.теңге; бюджет түсімдері бойынша бұзушылықтар – 636,0 млн.теңге); бюджет есебін енгізу, қаржылық есептілікті жасау

ережелеріндегі бұзушылықтар бойынша – 38 млрд.теңге, мемлекеттік сатып алуды өткізген кезде жіберілген бұзушылықтар бойынша – 127 млрд.теңге.

Жалпы, 2012 жылмен салыстырғанда бюджеттік және өзге де заңнама бұзушылықтары 12,8 млрд.теңгеге ұлғайды.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары бойынша қабылданған шаралармен бюджетке қалпына келтіруге және өтеуге жататын 61,7 млн.теңгенің 58,6 млрд. теңгесі немесе 95,0 % бюджетке қалпына келтірілді және өтелді.

Іс жүргізу шешімдерін қабылдау үшін құқық қорғау органдарының тексерулерінің қорытындылары бойынша сомасы 29 млрд.теңге болатын 175 бақылау материалы жіберілген.

295 лауазымды тұлғаға 33,6 млн.теңгенің сомасында әкімшілік өндіріп алу қолданылды.Тәртіптік жауапкершілікке 1 527 лауазымды тұлғалар тартылды.

Назарларыңызға рахмет!